

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

Ертеңгілік

«Айналайын» ересек топ

«Анашым – қуанышым!»

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы
2023-2024 оқу жылы

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

Анашым- қуанышым!»

Жүргізуші : Ана дейміз бәріміз де аңқылдап
Ана дейді жас сәбиде жарқылдап
Ана деген бәйтерегі өмірдің.
Ана деген алтын қазық,алтын бақ.

Ана деген асыл жандар болаттай
Ана деген мөлдір жандар бұлақтай.
О, адамдар қадірлей біл ананы
Жат қылыққа ақыл ойды тонатпай.

Жүргізуші : Сәлеметсіздер ме,кұрметті аналар, қымбатты әжелер,әріптестер!
Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып,тағы да 8-ші Наурыз
халықаралық әйелдер күні келді. Осындай көркем мерекенің орны бөлек. Өйткені
аналарға деген ыстық сезім,алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Ана –өмірдің
гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Олай болса,8 наурыз мерекесіне
орай «Айналайын» тобының «Анашым-қуанышым!» атты ертеңгілікті
назарларыңызға ұсынамыз.

(тәрбиешілер әні)

Ән: «Ана»

(балалар әннің ортасына келіп аналарына тәттілерін табыстайды)

Жүргізуші:

Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті апа, аналар!

Хор: «Ақ дидарлы Анашым»

Жүргізуші:

Сіздерден өскен балалар
Батырлармен даналар
Мерекені бастайық
Құрметті аналар!
Теледидар қосайық,
Әсем әуен көңіл күймен
Балалар биін тамашалайық!

Би: «Анаға жүрегімді арнадым!» (ұлдар биі)

Жүргізуші: Осы бір тамаша әннен соң біз хабарымызды одан әрі қарай жалғанстырамыз.

Ана деген бәйтерегі өмірдің
Ана деген қуанышы көңілдің
Ана деген әрбір үйдің жылуы
Ана деген гүлі туған өңірдің

Хор. «Көктем келді»

Жүргізуші:

Асыл анам жасыл бағым жайнаған
Сол бағымда асыр салып ойнағам
Пәк жүрекпен жыр жазды перзентің
Бар тілегі сіздерге арналған.

Би: «Көктемгі көңіл»

Жүргізуші:

Біз ғана емес қадыр тұтқан бабалар
Аналардан туған небір даналар
Ана деген тіршіліктің тірегі
Мерекенмен қасетті аналар

Хор: «Ата әже»

Ойын «Кім епті?» (ата-аналармен)

Ойынның шарты: Екі ана шығып, қолдарына теріс аударылған футболкалар және шар беріліп, шарды жерге түсірмей футболканы оң қаратып кию.

Жүргізуші

«Бар жақсылық, күллі әлемге тараған
Аналардың ақ нұрынан жаралған»

Құтты болсын мерекеміз бүгінгі,
Ардақты аналарған арналған.

Тақпақтар:

Әжем менің асыл жан,
Жақсылыққа үйретіп,
Жамандықтан шектейді,
Әжеме ешкім жетпейді.

Дария: Әжем менің, ақ әжем
Ақыл беріп үйреткен.
Аппақ әжем, пәк әжем,
Мейіріммен тербеткен.

Ұлдардың тақпақтары:

Ярослав: Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар.

Алан: Бізге қарап елжіреп
Сүйсе беттен күнім деп,
Құшақ ашса келші деп, жүгіреміз күлімдеп.

Алинур: Анамыздың меірілі
Жүзіне біз қараймыз
Анамызды пейілді
Жомарт жанға балаймыз.

Алихан: Мен үшін не керек, бәрін іздеп табасың
Айналайын анашым, жұмысына барасың
Қайтып мені көргенде, шын сағынып қаласың.

Аман: Жарқын жүзді жан анам
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан.

Әділет: Әр сөзімді жаттаған
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ анам.

Арсен: Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді
Көп ертегі біледі

Маған айтып береді.

Нурислам: Ақ анашым аппағым
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де
Арнадым саған бәрін де.

Әміре : Ақ кимешек киген
Ақ бетімнен сүйген
Анам менің қандай
Анам менің айдай

Темирлан: Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мама!

Жүргізуші:

Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен кешімізді аяқтайық

Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі «Ана – аса қымбат жан!» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар!

Балалар хормен: «Анамызға мың алғыс, баршаңызға мың алғыс!»

Қол ұстасып, әуенмен топқа кіреді.



